

**Панфилов ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 21 қыркүйектегі "Панфилов ауданының сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" №782 қаулысының күші жойылды деп тану туралы**

Алматы облысы Панфилов ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 19 қыркүйектегі № 498 қаулысы

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабының 8 тармағы және "Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес, Панфилов ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Панфилов ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 21 қыркүйектегі "Панфилов ауданының сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Ережесін бекіту туралы" ( нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізіліміндегі 2015 жылдың 22 қазанында № 3493 тіркелген, аудандық "Жаркент өңірі" газетінде 2015 жылдың 5 қарашасында № 46 (8784) жарияланған) № 782 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімі аппаратының басшысы Асқар Жұмақанұлы Садықовқа жүктелсін.

*Аудан әкімінің уақытша  
міндетін атқарушы*

*Ш.Курбанов*